

**«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫНЫҢ  
ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ  
БАСҚАРМАСЫ»**

мемлекеттік мекемесі

Карл Либкнехт көшесі, 19, Өскемен қаласы,  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Қазақстан Республикасы, 070019,  
тел.: 705-012  
e-mail: uzovko@akimvko.gov.kz



государственное учреждение  
**«УПРАВЛЕНИЕ ЗЕМЕЛЬНЫХ  
ОТНОШЕНИЙ  
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ  
ОБЛАСТИ»**

улица Карла Либкнехта, 19, город Усть-Каменогорск,  
Восточно-Казахстанская область,  
Республика Казахстан, 070019,  
тел.: 705-012  
e-mail: uzovko@akimvko.gov.kz

28.05.2019 № 03-12-1/911

**Factcheck.kz сайтының  
бас редакторы  
Д.Д. Смаковқа**

Сіздің 2019 жылғы 24 мамырдағы № F-0805 40 мың га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді қытайлықтарға беру туралы хатыңызға келесіні хабарлаймыз:

1. Үржар ауданында құс фабрикасын салу үшін Үржар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 7 қарашадағы № 526 қаулысымен «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына жалпы ауданы 300 га (152,7 га және 147,3 га) жер учаскелеріне мерзімі он жылға жалдау құқығы берілді, жер учаскелері ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлерге ауыстырылды. Құс фабрикасын салу үшін отандық, сондай-ақ шетелдік инвесторлар тартылуы мүмкін

Құс фабрикасының жем-шөп базасын қамтамасыз ету үшін Үржар ауданының аумағында шамамен 40000 га ауыл шаруашылығы алқаптары резервке қойылған. Қазіргі уақытта олар мемлекет меншігінде.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 248 Жарлығымен шетел азаматтары мен шетелдіктер қатысатын компанияларға жер беруге мораторий енгізілді және тек және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатына ғана қолданылады. Тиісінше, құс фабрикасының жем-шөп базасы үшін жалпы алаңы 40000 га резервтік жерлер Қазақстан азаматтарына немесе шетелдіктердің қатысуынсыз заңды тұлғаларға ғана берілуі мүмкін.

3. ШҚО Үржар ауданының аумағында құс фабрикасын салу жобасы инвесторларға, соның ішінде шетелдік инвесторларға жүзеге асыру үшін ұсынылады. Жобаны іске асыру бойынша барлық қажетті рәсімдер қатаң түрде қолданыстағы заңнама шеңберінде жүргізіледі. Осы уақытқа дейін инвестордың болмауына байланысты, осы инвестициялық жоба іске асырылмаған.

Шығыс Қазақстан облысына ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы делегациясының сапары барысында қонақтар назарына бірнеше жоба ұсынылды, соның ішінде осы жоба да бар. ҚХР инвесторларының тарапынан жобаны іске асыруға қандай да бір нақты ниеттер келіп түскен жоқ.

**Басшы**

**В. Барсукова**

Орын.: Фирсова О.Ф., тел.: (7232) 705-009